

Қ.Д.Асанов<sup>1</sup>, А.Қ.Асан<sup>2</sup><sup>1</sup>Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;<sup>2</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана  
(E-mail: kamashke\_64@inbox.ru)**Сөз өнерінің ақпараттық табиғаты**

Мақалада халық шығармашылығының деректілік, насихатшылдық қырлары нақты мысалдар арқылы айқындалды. Халық шығармашылығының көне түрлеріндегі наным-сенімдер мен сол уақыттағы халықтың тұрмыс-тіршілігі, дәстүр-салты оның ақпараттық табиғатын ашу арқылы жан-жақты сараланды. Сөз өнері түрлері, оның ішінде айтыс жырларының мәтіндік нұсқаларының ақпараттық сипатына ғылыми пайымдаулар жасалды.

*Кілт сөздер:* сөз, өнер, ақпарат, айтыс, халық шығармашылығы, дерек, насихат.

Кез келген рухани немесе материалдық құндылықтардың алғышарттары ой-сана таразысында пісіп жетілгенімен оның өмірге келіп, адамзат кәдесіне жарауы сөз (тіл) арқылы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа аманат, жәдігер болып қалатындығы белгілі.

«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би», деген халық даналығы бекерге айтылмаса керек. «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Сөз — сүйектен, таяқ еттен өтеді», «Жүйелі сөз жүйесін, жүйесіз сөз иесін табады», «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі», деп сөз қадірін ертеден түйсінген халқымыздың өмір сүру философиясының түп төркіні де сөзбен, тілмен байланысты дамыған.

Қазақтың кең байтақ даласында тіл тұтастығының сақталуы да көшпелі жұрттың сөз өнеріне деген өзіндік ықыласын танытса керек. Алтай таулары мен Маңғыстаудың қойнауында қоныстанған қазақтың тілі де, ділі де, діні де ортақ. Әрине, тілде аздаған диалект болуы мүмкін, бірақ ол жалпы тұтастыққа ешқандай нұқсан келтіріп тұрған жоқ. Атшаптырым аймақта қоныстанған көптеген ұлт-ұлыстар бір-бірін тілмашсыз түсіне алмайтын жағдайлар болады. Еуропаның бес бірдей мемлекеті сиып кетердей аумақта отырған қазақ халқының ұлттық болмыс, нақыш бояуларының ғасырлар бойы өз сипатын жоғалтпай тұтастығын сақтауы таң қаларлық құбылыс. Әрине, зерттеуші-ғалымдарымыздың, тарихшыларымыздың бұған айтар уәж, пікірлері мол. Ең алдымен, көшпелі жұрттың бір-бірімен қоныстас болып, аралас жүруі тіл тұтастығы сақталуының негізгі алғышарты, дейді. Бұл уәжді біз де қолдаймыз. Дегенмен де почта, телеграф сияқты байланысы жоқ көшпелі дәуірде ел мен жердің, тілдің тұтастығын сақтап қалуда, далалық ақпарат таратудың рөлі қандай болған деген әуестік әркімдерді де қызықтырады хақ.

Белгілі журналист-ғалым Қ.Шамақайұлы «Азаматтық журналистика бізге жат емес» атты ғылыми мақаласында: «... Азаматтық журналистиканың дәстүрі, тарихы тым әріде жатқанын аңғару қиын емес. Мерзімді баспасөз пайда болудан бұрын қоғам өміріне, заман ағымына баға берген, оның дамуына ықпал еткен еш нәрсе болмады деуге келмейді. Журналистикадан бұрынғы кезеңдерге жатқызылатын ауыз әдебиеті, жазба мұралардың өзінде қазіргі журналистиканың элементі жоқ деп айта алмаймыз», — деп пікір білдіреді [1; 92, 93].

Сондай-ақ зерттеуші-ғалым қазақ халқының ежелгі мәдениетінде, көшпелі өмір салтында да адамзаттық журналистиканың классикалық үлгісінің элементі жатқандығын айтады. Бұдан әрі автор өз сөзін: «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал барып сәлем береді» деген сөздің түпкілікті мәнін сапардан оралған жан, мейлі, үлкен болсын, мейлі, кіші болсын оның көпті көретіндігін, көрген-білген адамда жақсылықтың (ақпараттың) болатындығын, жаңалықты білудің, хабар-ошар алудың маңыздылығын осы бір ауыз сөздің өзі меңзеп тұрған жоқ па деген ойларымен сабақтастырады.

Зерттеуші-ғалым Гауһар Әлімбек «Сөз мағынасы және ақпарат» атты ғылыми еңбегінде сөздің ақпараттық сипатын былайша саралайды:

- «Сөз — ақпарат сақтаушы тілдік бірлік;
- сөз — ақпарат жеткізу немесе тарату құралы;
- сөз — ақпарат алу құралы;
- сөз — ақпарат алмасу құралы;
- сөздің грамматикалық мағынасы және ақпарат» [2; 164].

Жалпы, тіл, сөз өнері туралы тереңнен толғап, зерделі ой-пікір білдірген ұлттың ғұлама ойшылдары, ғалым-жазушылары көптеп саналады.

Белгілі тілші-ғалым Х.Нұрмұқанов өзінің «Сөз және шеберлік» атты зерттеу еңбегінде осы жайға жан-жақты тоқталған. «Сондай-ақ бұл проблема «Сөз өнері», «Өрелі өнер», «Жазушы және сөз мәдениеті», «Сөзстан», «Стиль сыры», «Журналист және өмір», «Қаламгер және уақыт» жинақтарымен белгілі ақын, жазушыларымыздың, сыншыларымыздың, ғалымдарымыздың (мәселен, Ғ.Мүсіреповтің «Суреткер парызы», Ғ.Мұстафиннің «Ой әуендері», Ә.Тәжібаевтың «Өмір және поэзия», «Жылдар, ойлар», Т.Нұртазиннің «Шеберлік туралы ойлар», Б.Кенжебаевтың «Шындық және шеберлік», З.Қабдоловтың «Жебе», Қ.Мырзалиевтің «Сөз сиқыры», М.Балақаевтың «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері», Н.Уәлиевтің «Сөз мәдениеті» т.б.) еңбектерінде қаралып, әсіресе «Қазақ әдебиеті» газетінің «Толғауы тоқсан қызыл тіл», «Шеберлік туралы әңгімелейміз» рубрикалары желісінде ұзақ жылдар бойы үзілместен сөз болып келеді» [3; 7].

Бұл келтірілген деректер 1987 жылға дейінгі уақыттың кейбір еңбектерін қамтыса, 1985 жылғы сәуір самалынан кейінгі қазақ тілінің тағдыры туралы тереңнен қаузап, ашық, батыл жазылған шығармалар қаншама?

Сөз, тіл өнері, оның тағдыры туралы жазылған, айтылған толғақты пікірлер жүздеген Х томдарға жүк болары сөзсіз.

XIX ғ. қазақтың ойшыл ақыны Абай: «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» десе, XX ғ. басында А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллиндер ұлт тіліне, сөз өнеріне қатысты ұрпаққа ұлағат болар толғамды пікірлер айтқан болатын. Алыптар тобының бұл аманатын М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафиндер тереңдете түсті.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті қайраткері, ұлт зиялысы А.Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» (1926) еңбегінде сөз өнері, тіл қисыны, сөз өнерінің ғылымы туралы теңдессіз теориялық қағидалар жазды.

«Тіл күшіне өлшеу жоқ, тіл көркемдігіне теңеу жоқ. Тіл өлгенді де тірілтеді. Өлдеқашан қайтыс болған прототиптерді тіл жасаған ұлттық образдар тірітіп көз алдыға әкеледі. Жалғанда не терең? Сөз терең. Не сұлу? Сөз сұлу. Не өткір? Сөз өткір. Сөз құдіреті ғажап: алтынды мыс, мысты алтын етіп көрсете алады. Тас жүректі қорғасындай балқытып, балқыған қорғасынды тастай ете алады. Кірлі көңілді тазартып, кірсіз көңілді кірлей алады. Түрлі-түрлі байлық бар. Солардың таңдауын берсе мен тіл байлығын таңдар едім. Өйткені тіл байлығы — бәрінен сенімді байлық. Мұралардың ең қымбаттысы — сөз. Сөз Күн шалмас қараңғы көңілді шалады, Күн жылытпас суық көңілді жылытады. Сөз құдіреті ақты қара, қараны ақ етуге жетеді. Асыл адам да, асыл нәрсе де тозады, жоғалады. Асыл сөз мәңгі жасайды». (Ғ.Мұстафин) [3; 14]. Адамзаттың асыл қасиеті — сөз өнерін осылай деп бағалайтын болсақ, сөздің асылы мен жауһарының алтын қазынасы саналатын айтыс ақындарының, жыраулардың шығармашылық жәдігерлері халық үшін таптырмас құнды дүние болмақ.

Халық публицистикасының қалыптасу, даму жолдарын тереңнен қаузап, зерттеген ғалым Б.Жақып бұл туралы өз еңбегінде көрсеткен: «Мемлекеттің пайда болуымен бірге қоғамдық өмір де күрделене түсті, түрлі саяси құрылымдар мен кәсіби саясаткерлер орын алды. Дәл осы кезде қоғамдық ақпаратты таратуда қалың бұқараның ішінен өзінің көсемдігімен, ақыл-ой, парасаттылығымен оқшауланып, суырылып шыққан шешендер белсенді рөл атқарды» [4; 8].

Қазақ ауыз әдебиеті тарихын зерделер болсақ, сөз өнерінің тізгінін ұстаған би-шешендер, ақын-жазушылар өздері өмір сүрген қоғамның саяси-әлеуметтік жағдайынан немесе халық мүддесінен тысқары болмаған. Қайта олар сол қоғамның барлық қайшылықтары мен мақсат-мұраттарын өздерінің рухани шығармашылығына арқау еткен.

Атадан балаға мирас болып, ғасырдан ғасырға ауысып фольклор үлгісінде қазіргі заманға жеткен халық шығармашылығының асыл жәдігерлері әр кезеңнің, әр қоғамның болмыс-бітімінен сыр шертіп, бүгінгі ұрпақты белгілі дәрежеде ақпаратпен қамтамасыз етті. Мәселен, «осыдан шамамен ХХХ ғасырдай бұрын Еділдің шығысындағы ұлы Тұран жерінде, мал баққан спитама жұртында, киіз туырлықты көшпелі Порушоспаның отбасында дүниеге келген, адамзат тарихындағы тұңғыш пайғамбар, ақын Заратуштра:

*Біз тұлпарлары қанатты,  
Мәңгілік жарыққа,  
Күнге сиынамыз.*

*Күн жарық шашқанда,  
Күн жылу шашқанда,  
Жүз мыңдағандар  
Құдіретті сезінеді.  
Содан соң Мазданың  
Сыйлаған жерінде  
Жарық-нұр салтанаты үшін  
Бақытын табады әркім  
Бақыт сыйлайды әркім [5; 14].*

Көне түркі тегін, тарихын, дәстүр-салтын зерттеуші-ғалымдар осыдан отыз ғасырдай бұрын өмір сүрген Заратуштра ақынның осы мұралары арқылы қажетті ақпарат, мәлімет алары сөзсіз. Сондай-ақ Заратуштра заманындағы бағзылық бабалардың діни наным-сенімдері тұрғысынан да біраз сырды аңғаруға болады.

Екі мың жылдық дала жырын зерделей отырып, халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін, қоғамдық болмыс-бітімі мен ой-өрісінің кемелдігін тануға жетерлік мол ақпарат қоры бар екендігіне көз жеткіземіз.

Сөз (тіл) қарым-қатынас құралы ғана емес, ол сондай-ақ насихат жыршысы да. Жоғарыда келтірілген Заратуштра ақынның жырынан біз тек ақпарат қана емес, сол заманның идеологиялық, яғни, насихатшылдық бояуын да байқаймыз.

Біздің заманымызға дейінгі 760 жж. шамасында өмір сүрген Қарлұқ Кегменер Үлгеұлынан қалған мұраға зер салып көрелік:

*Шығыстан келген қорқаулар тонауда туған жұртымды,  
Құтқарар шара таба алмай, жүрегім менің бұлқынды.  
Сүліктей сорып қандарын, өшірді талай түтінді,  
Ұмытқалы қашан, бауырым, тамаша менен күлкіні.  
Үстінде лыпа, қамбада түйір дәні жоқ,  
Сонда да қиын боп тұр-ау толтыру апан-құлқынды.  
Ерте ме, кеш пе, сенемін, бізге де бір таң атар,  
Көгерме ем сонда тіріліп, «менменсінген» шіркінді [5; 18].*

Есте жоқ ескі дәуірден бүгінге жеткен осынау жыр-жәдігер қадым заманның қатыгез тарихынан сыр шертіп, бабалардың зар-мұңынан хабардар етіп тұрған жоқ па?

VII-VIII ғғ. тасқа танбаланған бабалар аманаты сол дәуірдің тарихи тұрпатын ғана баяндап қоймайды, сондай-ақ бағзылық бабаларымыздың адами болмыс-бітімі, ақыл-ой кемеңгерлігінен де мол мағлұмат береді. Орхон ескерткіштері деп аталатын «Күлтегін», «Тоныкөк» жазбалары бүгінгі ұрпаққа жетіп отырған рухани құндылықтарымыздың асыл жәдігерлері емес пе?!

«Жаксының аты, ғалымның хаты өлмейді» демекші, сөз өнерінің өшпейтін құдіретіне тағы да куә болып, риясыз бас иесін.

«Дала поэзиясы — қазақи дүниетануды түсінудің, халықтың өзін-өзі тануының қайнар бұлағы. Мұнда дүниенің қазақы ұлттық түсініктегі бейнесі, философиялық және поэтикалық астары қабыса, асқан көркемділікпен кестеленген. Халқымыздың кемел ойы, пәк гуманизмі, асыл мұраты, терең сезімі, ұлт болып ұйысу тарихы, өкініштері мен сүйініштері — бәрі — оның поэзиясында сайрап жатыр. Қазақ поэзиясы — қазақ халқының рухани эволюцияның шежіресі іспетті» [5; 7].

XII ғ. өкілі әйгілі Қожа Ахмет Иассауи заманына зер салып көрелік:

*...Ей, мұсылман, тағат қылсаң, танбаған,  
Ғазиз жаның — аманаты Алланың.  
Харамдықпен, ұқ, жиган мал-жалғанын,  
Қарыш атты жылан қылар малыңды.  
Дәуірішпін деп жұрт алдында дәрілдеп,  
Жүз құбылып зар жүгірер әркімге.  
Құдай үшін құлдық ұрмай нарқың не,  
Шын дәуіріштің тау мен шөп қой мекені... [5; 49, 50].*

Қожа Ахмет Иассауи заманы ежелгі қазақ даласында өзін исламның кең қанат жаюымен қарастырылатыны да сол уақыттардан жеткен рухани жәдігерлердің ақпараттық, насихатшылдық сипатынан деп түсінгеніміз ойымызды қуаттай түседі.

Кеңестік идеология, коммунистік көзқарас аз ұлттарды бұратана халық деп есептеп, олардың жазу-сызу өнері, ғылым-білімі болмаған, жабайы көшпенділер деп қарауы тәуелсіздік таңы атқанға дейін жалғасты. Шовинистік пиғылдағы, кеудемсоқ Еуропа зиялыларының кейбір «ғалымдары» Шығыс жұртына, оның ішінде Орта Азия халықтарына менсінбеушілікпен қарау әдеті әлі де салқынын сездіруде. Заман түбегейлі өзгеріп, ақ дегенің адал, қызыл дегенің қаныпезер болып жатқан тұста, ұлт тарихын әділдік таразысына қайта тартып таразылайтын ақиқи заман туды. Ел тәуелсіздігі түп-тамырымызға терең үңіліп, оны ақиқат тұрғысынан тануға мүмкіндік беріп отыр. Тегіміздің текті болғанын енді танып, біліп жатырмыз. Білім мен ғылымның адамзат үшін қандай қажет екендігін бабаларымыз ертеден-ақ айтып, насихаттағанын көнеден жеткен рухани жәдігерлеріміз арқылы біліп, байыптай бастадық.

«Ахмет Жүйнеки XII ғ. аяғы мен XIII ғ. басында өмір сүрген ақын. Өз заманының білімпаз оқымыстысы болғандықтан, ақынды «Әдиб Ахмет» (*әдиб* — оқымысты, жазушы) деп атаған. Толық аты-жөні — Әдиб Ахмет ибн Махмут Жүйнеки. Жасынан зағиптың мехнатын тартқан. Туып өскен елі — Түркістан қаласының маңындағы Жүйнек деген жер.

Ақынның «Ақиқат сыйы» атты кітабы — тәлім-тәрбие, адамгершілік, білім, имандылық туралы ақыл-кеңестер беретін дидактикалық үлгідегі шығарма. Небәрі 466 жол өлеңнен тұрады. Жиырма шақты тақырыпқа бөлінген. Аруз өлең өлшемімен, түркі тілінде жазылған» [5; 51].

«Бақыт жолы білім арқылы білінеді», «Білімсіз надан — құны жоқ бақыр», «Білімді мен білімсіз кашан тең болып еді?», «Білімсіз тірісінде көрде жатқан өлік сияқты» [5; 52].

Міне, бұратана, білімсіз, ғылымға ықыласы жоқ деген халықтың өкілі XII ғ. өзінде-ақ осылай ой толғап, халықты білім мен ғылымға шақырады, насихаттайды.

Екі мың жылдық тарихы бар дала поэзиясының бетін парактаған сайын, мұндай ақпарат, мағлұматтарға барынша қаныға түсеміз. Бағзы дәуір адамдарының ой-санасы, адами болмыс-бітімі, әлеуметтік жағдайы, көзқарас-пайымдарының барлығы сөз өнері арқылы бедерленіп, рухани жәдігер ретінде бүгінгі күнге жетіп отыр.

XXI ғ. озық ойлы адамзат өркениеті, ғылыми-технологиялық прогрестің барынша жетілген тұсында осыдан жүз мыңдаған жылдар бұрын жер қойнауында қалған затты немесе сүйекті зерттеп, ғылыми байлам жасап, жаңалық ашып жатады. Тіпті сол кездегі жер беті климатын, жан-жануар, тіршілік әлемі туралы нақты зерттеулер жүргізіліп, ғылыми тұжырым жасалынады. Ал ғасырлар керуенін көктей өтіп, бүгінгі күнге жетіп отырған рухани жәдігерлерге (сөз өнері үлгілеріне) экспонат ретінде немесе өткеннің бедері ретінде немқұрайды қарау саяздықтың белгісі болар еді.

Белгілі әдебиеттанушы-ғалым Ә.Қоңыратбаев: «...Қазақ фольклорында мал бағу, бала асырау, қыз ұзату, жаназалау, бақсылық нанымдары, діни әдет-ғұрыпқа байланысты туған салт өлеңдері көп. Орыстар «бытовые песни» десе, біз оларды «тұрмыс-салт өлеңдері» дейміз. Бұлардың көпшілігі анонимдік түрде туып, халық аузында сақталған. Кейбіреулерінде тотемизм, мифологиялық ойлау, бақсылық ұғымдар мен діни әдет-ғұрыптардың да ізі бар» [6; 32], — дей келе, қазақтың бақташылық жырларының мәні мен мазмұндық ерекшелігіне жан-жақты тоқталады: Төрт түлік мал жайындағы жырлардың өзі тілек-бата түрінде айтылады.

*Шаруаның бір түлік пірі — Шопан  
Келтірмей қу, пір ата, қойға топан.  
Қойды аңдыған бәленің бәрін құртып,  
Бықырт тиіп, үні өшсін қасқыр апан.*

Мал бағу қамынан туған бұл жырлардың енді бірі жыр формасында айтылған.

*Мен бір тілек тілейін,  
Ай мүйізді, шоқпақтай,  
Шүйделері тоқпақтай,  
Тегене құйрық қошқарлы,  
Малды берсең қойды бер!  
Ұлды берсең бойлы бер,  
Ақылы ортақ ойлы бер.*

Халық жылқының етін, түйенің күшін, сиырдың сүтін дәріптеген... Әрбір түліктің бабы болған. Сиыр қалың нуға, қоры үзілген буға бітем десе, қой қара тасқа, жабағы жеген насқа бітем, жылқы бетегелі белге, найза ұстаған ерге, түйе ащы көп сорға, ел ішінде зорға бітемін деген. Бұл қандай малға қандай қоныс жайлы дегенді білдірмек» [6; 32, 33].

Біз ауыз әдебиеті үлгілеріндегі тұрмыс-салт өлеңдеріне жататын төрт түлік малға қатысты бақташылық жырлардан бірді-екілі ғана мысал келтіріп отырмыз. Ойымызды осы мысал төңірегінен өрбітер болсақ, тұрмыс-салт жырларының өзі байырғы ата-баба тұрмысынан халықтың мал шаруашылығы жөніндегі таным-түйсігінен мол ақпарат беретіндігіне көз жеткіземіз. Алдымен «Келтірмей қу, пір ата, қойға топан», — деген сөйлемге назар аударалық. Бұл жердегі «пір» сөзі діни-наным сенімді білдіреді. Пірге сыйыну ислам дінінде сопылық (суфизм) ағымына жатады. «Менің пірім — Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай», — дейді Жамбыл ақын. Яғни, пірге сыйынып, тілек тілеу сол уақыттың діни көзқарасын айғақтайтын ақпар. Екіншіден, төрт түліктің қандай адамдарға лайық екендігін білдіретін ойлары — халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты айтылған. Әр түліктің адамға әкелетін пайдасы, береке-ырысы турасында меззейді. Мұның астарында үлкен мән, малмен көзін ашқан халық үшін аса құнды ғибраттың жатқандығы шүбәсіз.

Рухани құндылықтар бастауының қайнар көзі — айтыс өлеңдері. «Айтыс — халық өмірін бейнелейтін көркем әдебиет саласының бірі. Одан халықтың қуанышы да, қайғысы да, саяси-шаруашылық тұрмысы да, мәдениет дәрежесі де, замана идеологиясы да, әдет-ғұрпы да, жалпы, әлеуметтік және жеке адамдардың қарым-қатынастары да, заманына лайық өрбіген тартыстың формалары да көрінеді. Сондықтан айтыс жанрының тақырыптары әлденеше тарау болып бұтақталып кетеді, сол бұтақтардың бәрі халық тұрмысының шындығын біршама дұрыс та, дәл бейнелей алады» [7; 5].

Академик, жазушы С.Мұқановтың бұл пікірі толығымен айтыс өнерінің публицистикалық сипатын айқындап тұр деп айтуға болады. Зерттеу барысында келтіргеніміздей, азаматтық журналистика функцияларын өнер өкілдері, оның ішінде әсіресе ақын-жыраулар атқарғандығын М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов сияқты жазушы, ғалымдардың пікіріне жүгіне отырып, көз жеткізуге болады. Бұл ойымызды М.Әуезовтің: «Айтыс әр заманда күнделікті тіршілікке төтелей қатысы бар жанр болатын» [7; 12], — деген сөзі қуаттай түседі.

Сонымен, бағзы дәуірлерден бері халықпен бірге жасасып, қалыптасып, дамып келе жатқан айтыс өнері де әр заманның бедерін, уақыт тынысын айшықтайтын рухани жәдігерлеріміздің ең маңызды саласы болып саналады. Айтыстың даму жолдарын зерттеуші-ғалым М.Жармұқамедов өз еңбегінде өнердің осы түрі туралы толғамды пікір білдірген үш зерттеушінің ойын салыстырмалы түрде төмендегіше саралайды: «С.Мұқанов өз зерттеулерінде қазақ айтыстарын:

1. Әдет-ғұрып.
2. Қайымдасу.
3. Жұмбақ айтысы.
4. Дін айтысы.
5. Ақындар айтысы», —

деп топтастырады. Бұл жерде автор жұмбақ айтысы мен дін айтысын жеке түр есебінде ақындар айтысынан бөліп алып, оны тудырушылардың да бір кезде ақындар болғанын, бұл айтыстардың мазмұн-сипаты мен жалпы ақындар айтысының бір түрі екенін ескере бермеген тәрізді.

Орта мектепке арналған «қазақ әдебиеті» оқу құралында Қ.Жұмалиев айтысты:

- «1. Бәдік айтысы.
2. Жар-жар.
3. Мал мен адамның айтысы.
4. Өлі мен тірінің айтысы.
5. Жұмбақ айтыс.
6. Салт айтысы: а) қыз бен жігіт айтысы; б) ру айтысы.
7. Осы күнгі айтыстар.» —

деп жетіге бөледі. Мұнда ақындар айтысы салт айтысына қосылып талданып, өзіндік беті айқын, өзекті сала — ақындар айтысының ара-жігі дараланып ашылмай қалған» [8; 13, 14].

С.Мұқанов пен Қ.Жұмалиев пікірлерімен толық келіспеген М.Жармұқамедов: «Қазақ айтыстарын жіктеп топтастырудағы кейбір даулы мәселелер М.О.Әуезов зерттеулерінде ғылыми дұрыс шешімін тапқандығын» [8;14] айтады. Ол өзінің «Қазақ әдебиеті тарихының» алғашқы кітабы мен соңғы басылуындағы айтысқа байланысты жазған тарауларында айтыс өлеңдерін ірі екі топқа бөліп қарастырған. Олар:

1. Әдет-ғұрып айтысы.

2. Ақындар айтысы. Автор әдет-салт айтысына «Бәдік» пен «Жар-жарды», ал ақындар айтысына рушылдық, жұмбақ, дін айтыстарын жатқызады [8; 14].

Осы жерде пікірлері келтірілген үш зерттеуші де (С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, М.Әуезов) оларға өзіндік ғылыми байлам жасаған М.Жармұқамедовтың жазбасында да бір анықтаушы сөз жетпейтін сияқты. Біздің пікірімізше, қазақ айтыстарын топқа емес, түрге бөлген дұрысырақ болар еді. Топтастыру жекелікті біріктіру ұғымына саяды. Ал түрге бөлу, бүтіндіктің реңк-сипатын білдіріп тұрады. Мұны айтып отырғандағы себебіміз — айтыс өнері біреу. Уақыт, қоғам, дәстүр аталмыш өнерге (немесе рухани құндылыққа) әр түрлі өң сипат, өзгеріс беріп отырған. Халықтық сипатқа ие болған, күй, өлең-жырдың да авторы бар. Тарихта қалған жалғыз шумақ жырдың да авторы бар. Жазу-сызудың болмауы салдарынан көптеген рухани құндылықтар халық еншілігіне айналған.

Сондықтан да айтыс өлеңдерін мазмұндық, пішіндік өзгешеліктеріне орай ғалымдарымыз келтіргендей үш түрге бөліп қарастырғанның еш сөкеттігі жоқ. Мысалы:

1. Әдет-ғұрып, салт айтысы: а) «Аужар»; б) «Бәдік»; в) «Жар-жар»; г) «Мал мен адамның айтысы»; д) «Жан-жануар, хайуанаттар айтысы»; ж) «Өлі мен тірінің айтысы».

2. Қайымдасу айтысы: а) «Жұмбақ айтыс», б) «Дін айтысы»; в) «Қыз бен жігіт айтысы».

3. Әлеуметтік айтыс: а) «XX ғасырға дейінгі елдік-әлеуметтік айтыс», б) «Қазіргі кездегі ұлттық сипаттағы айтыс».

Айтыс өлеңдерін мазмұн, пішініне қарай осындай үш түрге бөліп қарастырсақ, ештеңеден ұтылмайтын сияқтымыз. Керісінше, ғасырлар бойы қалыптасып, дамып келе жатқан төл өнеріміз — Айтыстың болмыс-бітімі бөлшектенбей, өзінің тұтастығын, тамыры тым тереңде екендігін таныта түсері хақ.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Шамақай Қ. Сөз бостандығы және Mass Media. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. — 126 б.
- 2 Әлімбаев Г. Сөз мағынасы және ақпарат. — Алматы: Атлас, 2006. — 168 б.
- 3 Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік. — Алматы: Ғылым, 1987. — 288 б.
- 4 Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. — Алматы: Білім, 2004. — 368 б.
- 5 Екі мыңжылдық дала жыры. — Алматы: Қазақ энцикл., 2000. — 752 б.
- 6 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. — Алматы: Ғылым, 1987. — 368 б.
- 7 Айтыс. — Алматы: Жазушы, 1988. — 1-т. — 288 б.
- 8 Айтыс. — Алматы: Жазушы, 1966. — 3-т. — 620 б.

К.Д.Асанов, А.К.Асан

#### Информационный характер искусства речи

В статье доказан нравоучительный характер народных произведений через ряд примеров устного народного творчества. Быт и традиции в древних видах народного творчества всесторонне проанализированы авторами путем обнаружения информационной природы текстов. Рассмотрены различные виды искусства, в том числе айтысы.

K.D.Asanov, A.K.Asan

#### Informational nature of art speech

In this paper we prove the moral character of folk art through a number of examples of folklore. Life and traditions in the ancient types of folk art are analyzed by detecting information of the nature of the texts. Authors describes the different types of art, including the aitys.

### References

- 1 Shalmakai K. *Freedom of the speech and the Mass Media*, Karaganda: KSU publ., 2004, 12 p.
- 2 Alimbek G. *Meaning of the word and information*, Almaty: Atlas, 2006, 168 p.
- 3 Nurmukanov Kh. *Speech and skill*, Almaty: Gylm, 1987, 288 p.
- 4 Zhakup B. *Formation and development of the Kazakh publicism*, Almaty: Bilim, 2004, 368 p.
- 5 *Two millennium of the steppe melody*, Almaty: Kazakh Encyclopedia, 2000, 752 p.
- 6 Konyratbaev A. *Turkology and Kazakh epos*, Almaty: Gylm, 1987, 368 p.
- 7 *Aitys*, Almaty: Zhazushy, 1988, 1, 288 p.
- 8 *Aitys*, Almaty: Zhazushy, 1966, 3, 620 p.

Репозиторий КАРГУ